



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ
ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

«Болашақ» университеті

«Кәсіпкерлік білім беру» факультеті



«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАЗЫЛОРДА



*«Мемлекеттік және жергілікті басқару»
мамандығының мамандарының мемлекеттік
қызметке, ұлттық компанияларға,
республикалық кәсіпорындар мен банктерге
жұмысқа орналасуы үшін үлкен мүмкіндіктер
ашылуда.*

*Біздер экономика саласында ауқымды ойлай
алатын, аналитикалық машықтанған
, мемлекеттің экономикалық процестерін
болжай және жоспарлай алатын экономист-
басқарушылар дайындаймыз*

**«Экономика, қаржы және кәсіпкерлік»
кафедрасы**

**Мамандығы: 5В051000 –Мемлекеттік және
жергілікті басқару**

(бакалавр)

*«Болашақта ұлттың табысты болуы оның
табиғи байлығымен емес, адамдарының
бәсекелік қабілетімен айқындалады*

Қызылорда, 2017 ж.

**«Экономика, қаржы және кәсіпкерлік»
кафедрасы**

**Мамандығы: 5В051000 –Мемлекеттік және
жергілікті басқару**

Академиялық дәреже: 5В051000 «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша экономика және бизнес бакалавры

Кәсіби қызмет саласы: мемлекеттік және жергілікті басқару органдары, экономика мемлекеттік саласы, мекемені тиімді басқарумен қамсыздандыру, мемлекеттік және жергілікті басқару жүйесін ұйымдастыруға және қызметіне ат салысу, басқаруды әлеуметтік-экономикалық даму тенденцияларына сай жетілдіру.

Кәсіби қызмет нысаны: мемлекеттік басқару органдары, мемлекеттік және жергілікті басқару жүйесіндегі мекемелер мен бөлімшелер, қоғамның экономикалық саяси, ұйымдастыру және әлеуметтік өмірінің рәсімдері, мемлекетті, оның аудандық және муниципалды білімін дамыту және қызметін жоспарлау мәселелері, адам және қоғам арасындағы байланыс мәселелері.

Кәсіби қызмет түрлері:

- ұйымдастыру-басқару;
- экономикалық;
- координациялық;
- қосымша беру;
- аналитикалық;
- жобалау.

Кәсіби қызмет мазмұны:

• ұйымдастыру-технологиялық (мемлекеттік және жергілікті басқару органдарында, нақты мекемелерде басқару технологияларын құру және қолдану, сонымен қатар басқарудың ғылыми-әдіснамалық және ұйымдастыру-басқару негізін құруға ат салысу, стратегиялық және тактикалық жоспарлау, менеджменттің тиімді

әдістерін, ережелерін және әдістерін құру және қолдану);

• өндірістік-басқару (халық шаруашылығын, оның салаларын және аудандарын тиімді басқару жүйесін құрастыру; тәжірибе жүзінде басқарудың барлық белгілі ұстанымдарын ұстану және оның ғылыми-әдіснамалық және ұйымдастыру-басқару негізін қолдану);

• мемлекеттің экономикалық стратегиясын, экономика салаларын және аудандарын құру, стратегиялық жоспары, басқару субъектілерінің ағымдағы қызметтерін жоспарлау және олардың орындалуына анализ жасау, т.б.);

• жобалау (жобалауды ұйымдастыру, жобаларды техникалық-экономикалық жағынан қисынын келтіру);

• жоғары оқу орындарының зерттеу бағдарламалары және ғылыми-зерттеу институттарының зерттеу топтарына сай құрамы, өндірістік кәсіпорындар, корпорациялар аясында ғылыми-зерттеу жұмыстары (экономика, мекеме, басқару облысында ғылыми ынтымақтастықтың халықаралық бағдарламаларына ерекше мән беріледі);

• оқу немесе педагогикалық (орта және орта кәсіби білім мекемелерінде кәсіби қызмет

Маманның кәсіби қызметінің объектісі ретінде

(ҚР) Қазақстан Республикасының Президентінің әкімшілігі; ҚР Парламентінің аппараты; ҚР Үкіметінің әртүрлі құрылымдық бөлімшелері; экономика және қаржы басқармасының органдары (министрліктер, ведомствалар, агенттіктер); жергілікті басқару органдары (аудандардың, қалалардың, облыстардың әкімшіліктері); орындаушы органдардың аппараттары; ұлттық және жеке компаниялар, концерн, корпорациялар және т.б. болып табылады.

**Мамандық: 5В051000- Мемлекеттік және
жергілікті басқару**

5В051000-Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы келесі мүмкін болатын білім беру бағдарламаларын қарастырады:

- **Мемлекеттік басқару;**
- **Жергілікті басқару.**

Біліктіліктің сипаттамасы

Мамандықтың кәсіби қызметінің ортасы ретінде халық шаруашылығы, әкімшілік-территориялық таксондар, менеджмент және елдің әр түрлі кәсіпорындарындағы, ұлттық компаниялардағы экономика болып табылады.

Білім беру бағдарламасы: 1) Экономика саласын мемлекеттік басқару 2) Әлеуметтік сфераны мемлекеттік басқару 3) Агроөнеркәсіптік кешен салаларын мемлекеттік басқару 4) Аймақтың дамуын басқару 5) Персоналды басқару Бітіруші мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығының бакалавры академиялық дәрежесі біліктілігін алады. Мемлекеттік басқарудың орталық және жергілікті органдарында: Президент Әкімшілігінің құрылымында, Министрліктер мен ведомстваларда, агенттіктерде, әртүрлі деңгейдегі әкімшіліктерде, мемлекеттік экономика секторының фирмалары мен корпорацияларында экономист немесе менеджер болып жұмыс істей алады.

Білім траекториялары:

- «Экономикадағы мемлекеттік басқару»

- «Сыртқы экономикалық қызметті мемлекеттік және жергілікті басқару».

Біліктілігі – 5В051000 «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша экономика және бизнес бакалавры Оқу мерзімі – 4 жыл.